**ЦИКЛОГРАММА**
**І-апта (31.10.2022-04.11.2022 ж.)**

**Ортаңғы «Балапан» тобы**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 31.10.2022ж | Сейсенбі 01.11.2022ж | Сәрсенбі 02.11.2022ж | Бейсенбі 03.11.2022ж | Жұма 04.11.2022ж |
|---|---|---|---|---|---|
| «Сәлеметсіңдер ме, балалар?» Балаларды қабылдау (Ата –аналармен әңгімелесу) Ойындар (үстел үсті, саусақ т.б. | **Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: Өзім туралы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.** | | | | |
| | **«Сәлем сөздің атасы!»** Әдептілік туралы әңгімелеу. | **«Ұқсасын тап »** **Мақсаты:** Балаларды заттың түстері мен пішіндерін ажырата білуге үйрету. Саусақ моторикасы арқылы ақыл ойын дамыту. Жаңа жыл мерекесін еске түсіріп, есте сақтау қабілетін қалыптастыру. Балаларды сүйіспеншілікке, қайырымдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. | **Ойын: «Не жетіспейді?» Мақсаты: көзбен қабылдау және ойлау қабілетін дамыту.** Психолог балаларға бірнеше заттардың суреті бар бетшелерді ұсынады.Суретті мұқият қарап,әр заттың жетіспейтін бөлшегін табуын сұра йды. | **«Мен құрбыларымды жақсы көремін»** Балалардың шеңбер құрады. Балалардың ішінен біреуі «Мен сені жақсы көремін» (көршісінің атын айтады) дейді және қатар отырғанның қолын қысады. Жақсы көруді қабылдаушы оған күлкімен жауап береді және соны көрші балаға қайталайды. Осы айналым аяқталғаннан кейін мұғалім балаларға өзіміздің жақсы ниетімізді басқаға білдіргенде, оның сөзсіз өзімізге қайтып оралатынын түсіндіреді. | **«Менің бос уақытым»** Демалыс күндері өздері туралы әңгімелесу |
| Таңертеңгі дене шынықтыру | **Таңертеңгі жаттығулар кешені** №1Құралсыз 5-6мин<br>**Мақсаты:**Балалардың дене дамуын шынықтыру. | | | | |

| Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық | Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **«Өз үйіңді тап»** **Мақсаты:** Барлық балаларға әдемі ойыншықтар таратып беріп серуенге шығып, түрлі қозғалыста қыймылдар жасайды | **«Киім дүкені»** **Мақсаты:** Ойын барысында рөлдерді ойнай білуге үйрету. Сатушы әртүрлі киімдер түрлері туралы әңгімелейді. | **«Достық көмек» ойыны** **Мақсаты:** ойын барысында балалар достық көмек жасаудың мәнін тереңіре түсініп,бір-біріне көмектесуге әрқашан әзір болуға тәрбиеленеді. | **«Мен қандаймын?» ойыны** Балалар шеңбер құрып тұрады. Ортаға бір орындық қойылады. Әркім кезекпен орындыққа отырады.Қалған ойыншылар «Ол қандай ?»» деген сұраққа жауап беру үшін отырған ойыншының бойындағы жақсы қасиеттерін тізбекпен айтып береді. | **«Өз есіміңді ерекше ата»** **Мақсаты:** Әр бала өз есімін атаған кезде өзінің ерекше бір қимылын жасайды.Сонда барлық бала ортаға бір адам аттап,жаңағы баланың есімін айтып,қимылын қайталайды.Ойын барлық баланың есімін аталғанша жалғаса береді. |
| **«Ойнайықта та, ойлайық»** Ұйымдастырылған оқу қызметтері<br><br>(Үзілісті қосқандағы жалпы ұзақтығы. | **1.Жаратылыстану.** **Тақырыбы:** «Жел» **Мақсаты:** Табиғат құбылыстарының бірі – жел туралы түсінік қалыптастыру. Зерттеудің қарапайым тәсілдерін дамыту, есте сақтау, зейін өқою қабілетін нығайту. Табиғатқа деген сүйіспеншілікке, оған қамқорлық жасауға баулу. | **1.Сөйлеуді дамыту.** **Тақырыбы:** «Бізге қуыршақтар келді» **Мақсаты:** а)Түрлі қуыршақтар туралы қысқа сипаттау мәтінін құрастыруға үйретуді жалғастыру.Заттардың белгілерін атауға үйрету(үлкен,кішкентай қуыршақ,әдемі,сәнді көйлек,жағасы ақ).ә)Артекуляциялық жаттығулар арқылы дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыруды | **1.Математика негіздері.** **Тақырыбы:**Тәулік бөліктері. **Мақсаты:**таңертең – кеш, күн – түн сияқты қарама-қарсы тәулік бөліктерін ажырату білігін қалыптастыру. **Міндеттері:** тәулік бөліктерін балалар мен ересектер әрекетінің мазмұнының өзгеруі бойынша ажырата білуге үйрету; | **1.Сурет салу.** **Тақырыбы:** «Саты» **Мақсаты:** Балаларға жануарлардың бейнесіне лайықты дауыс ырғағына қарай баспалдаққа орналастыруды түсіндіру. Кеіктің мойнының ұзындығына қарай түрлі бағыттарды сызықтар жүргізіп, оларды қиыстырып, саты салуға үйрету. | *1.***Көркем әдебиет.** **Тақырыбы:** **«Қайырымдылық»** **Мақсаты:** Адамның жүріс-тұрыс ерекшеліктерін бағалауға үйренуді жалғастыру,өзге адамға мейірімділікті,қамқорлық қанытасты білдіруге ниеттерін ояту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **2.Мүсіндеу.**<br>**Тақырыбы;**Қояндарға арналған сәбіздер.<br>**Мақсаты:** Қоршаған ортамен таныстыруды жалғастыру, қоянның тіршілігі туралы балаларға түсінік беру. Сопақша пішінді және бір ұшын үшкірлеп мүсіндеуді үйрету, сондай-ақ ермексазды дұрыс қолдану жолдарын дамыту. Жануарларға деген қамқорлық сезімге тәрбиелеу.<br>**3.<u>Музыка.</u>**<br>**Тақырыбы:**Қызыл, жасыл, көк шар.<br>Музыка тыңдау: «Қуанамын» М. Ержанов, өңдеген А. Исакова. Ән айту: «Шар» Б. Дәлденбай, Ж. Әбдрашев. «Торғай» А. Райымқұлова (қайталау). Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Марш» М. Раухвергер. «Кішкентай би» Н. Александрова. | жалғастыру.б)Бір-біріне қамқор болуға, ұйымшылықпен ойнауға тәрбиелеу.<br>**<u>2.Дене шынықтыру.</u>**<br>**Тақырыбы:** Біз саяхаттап жүрміз.<br>**Мақсаты:**тепе-теңдікті сақтау дағдысын қалыптастыру.<br>**Міндеттері:**иректеп қойылған жіп үстінде жүруге үйрету, динамикалық тепе-теңдікті сақтай білу, дене бітімін тік ұстауды қалыптастыру. Бір қарқын мен бір ырғақты сақтай отырып, бір-бірінің қолдарынан ұстап шеңбер бойымен жүгіре білуді бекіту. Шұғыл қимылдап қолдарын түзеп, допты екі қолымен кеуде тұсынан лақтыруға жаттығу. Педагогтің айтқанын мұқият тыңдап, көрсеткендерін бақылап отыруға үйренуді қалыптастыру. Ептілігін, күшін жетілдіру, белсенді демалу әдетін тәрбиелеу. **Ойын:** | балаларды дайын пішіндерді суретке жабыстыру кезеңдерін сақтау тәсілдерімен таныстыру; жапсырмалармен жұмыс жасауда мұқияттылыққа баулу.<br>**2.<u>Музыка.</u>**<br>**Тақырыбы:**Қызыл, жасыл, көк шар.Музыка тыңдау: «Қуанамын» М. Ержанов, өңдеген А. Исакова. Ән айту: «Шар» Б. Дәлденбай, Ж. Әбдрашев. «Торғай» А. Райымқұлова (қайталау). Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Марш» М. Раухвергер. «Кішкентай би» Н. Александрова. «Музыкалық аспаптар дүкені» ойыны. | Музыканы көңіл күйлеріне қарай қабылдау сезімдерін дамыту. Жануарларға деген сүйіспеншілікке, қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.<br>**<u>2.Құрастыру</u>**<br>**Тақырыбы:**«Құрақ көрпе»<br>**Мақсаты:** түрлі тәсілдерді пайдаланып, қағаз беттерін түрлендіру, ұлттық тұтынатын бұйымдар жайында қарапайым түсінік беру.<br>**Міндеттері:** - үшбұрыш қағаздарды түс үйлесіміне қарай дұрыс орналастыру арқылы құрақ көрпе жасауға үйрету; - қиылған қағаздарды түсіне, көлеміне қарай үйлестіре орналастыру қабілеттерін дамыту; - қағазбен жұмыс жасауда оны көлеміне, пішініне сәйкес жазықтықта дұрыс орналастыру | 2.**<u>Дене шынықтыру.</u>**<br>**Тақырыбы:<u>Маймылдар.</u>**<br>**Мақсаты:**ұзындыққа секіру дағдысын қалыптастыру.<br>**Міндеттері:**орнында тұрып ұзындыққа секіруге үйрету, екі аяқпен бір мезетте итеріле білуді қалыптастыру. Жіпті ұстап, шеңбер бойымен жүгіруге жаттығу, басқа балалардың жүгіру қарқыны мен жүру ырғағына ілесіп отыруға үйренуін бекіту. Кедергілерге тиіп кетпей, арасынан «жыландай» ирелеңдеп жүруге жаттықтыру. Қолдары мен аяқтарының қимылдарын үйлестіру мәнерін қалыптастыру. Педагогтің түсіндіргендерін тыңдай білуге үйрену, көрсеткендерін бақылай отырып, қимылқозғалыстарды педагогтің нұсқауымен басқа балалармен бірге сәйкестіндіре отырып орындау. Достық қарым- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Музыкалық аспаптар дүкені» ойыны. | «Көпірден жорғалап өту». **Мақсаты:** шектелген алаң бетінде төрттағандап еңбектеуге жаттығу | | арқылы ұқыптылыққа тәрбиелеу. **3.Дене шынықтыру.** **Тақырыбы:** Күн нұры.(т.а) **Мақсаты:** кеңіс тақтаймен жүру дағдысын қалыптастыру. **Міндеттері:** көлбеу тақтайшада жоғары және төмен қарай жүруге үйрету, тепе-теңдікті сақтау, ептілік пен батылдықты дамытуға ықпал ету. Тор арқылы доп лақтыруға жаттығу, допты қолды шұғыл қимылдата түзетіп жоғарыға, алға қарай лақтыра білуді үйрену. Бағытты өзгерте отырып жүруге, жүгіруге жаттығуды жалғастыру, берілген белгіні қимыл-қозғалысты орындау кезінде басында немесе соңында қабылдай білуді бекіту. Қоршаған | қатынасқа, ұжымдық қатынасқа тәрбиелеу. **Ойын:** «Тиіп кетпе». **Мақсаты:** алақан мен тізені тіреп отырып төрттағандап еңбектеуге жаттықтыру ептілігін жетілдіру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ортаға оң көзқарас және жылы шырай таныта білуге тәрбиелеу. **Ойын:** «Ұядағы құстар». **Мақсаты:** зал кеністігенде бағдарын айқындауды жетілдіру. | |
| **«Табиғат аясына бірге барамыз»** Серуенге дайындық. | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Кием шкафтарын таза ұстау және жинау. Серуенге қызығушылық тұғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әре етуге ынталандыру | | | | |
| Серуен | **№40 .Құстарды бақылау (қараторғай, қара қарға, қаратамак, қаз, үйректің ұшып кетуі)** Бақылау Балалар бойында құстардың күз айында өмір сүру мәндерін өзгертетіні туралы ой қалыптастыру, ауа-райындағы өзгерістермен байланыстыру, | **№41. Торғай, сауысқан, бозторғай, сары шымшықтардың үйлерге келіп қонуын бақылау** Бақылау Салқын біліне бастағанда құстар үйлерді паналайды. Олар адамдарға қор іздеп келеді. Құстың сыртқы түрі мен оның қоректенуіне, қозғалыстары мен | **№42.Ағаштарды бақылау (қайың, үйеңкі, терек, шырша, шетен ағашы, қарағаш)** Бақылау Балаларға аулада өсіп тұрған ағаштарды айыра білге үйрету. Күз айында ағаштардың қандай өзгерістерге ұшырайтынын баяндау. Себебін сұрау? Жапырақты және қылқанды ағаштар | **№43. Тал ағаштарды бақылау (жұпаргүл, мойыл, итмұрын, шетен ағашы)** Бақылау Түрлі тал ағаштарын және олардың атауларын ажырата білуге үйрету. Олардың бұтақтарының түстеріне көңіл аудару, мысалға жұпаргүл күз айында да өз бояуын | **№44. Шөптерді бақылау (қалақай, қымыздық, жұмыршақ, алау, бетеге)** Бақылау Балаларға салқын түскен соң шөптердің солатынын түсіндіру; біржылдық өсімдіктердің сабақтары мен түбірлері қурап калады, тек келесі жылға ұрықтандыратын тұқымы қалады. Көпжылдық өсімдіктер |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | балаларды өсімдіктер мен құстардың тіршілік ету әрекетіндегі өзгерістерді бақылауға үйрету, жәндіктердің болмауы, олар қоректенетін құстардың ұшып кетуі жайында әңгімелеу, балалар бойында құстарды өз қамқор<br><br>лығына алу жайлы түсінік қалыптастыру. | өмір сүру қарекетіне көңіл аудару. Балалар бойында құстарға деген, сондай-ақ достарына, табиғатқа деген қамқорлық қасиеттерін ояту.<br><br>**«Аққулар мен қаздар»**<br><br>Балалардың тірек-қимыл әрекеттері мен сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br><br>*Еңбектену әрекеті*<br><br>**Құстарға арналған азық дайындау**<br><br>Балалармен бірге құстарға азық жинау (шұңқыр түбі, орындар). Азықтарды нығыздап байлау, жүктелген жұмысқа | туралы түсіндіру. Балаларға ағаштарды күтуге, олардан табиғат сұлулығының көркін сезінуге тәрбиелеу. | жоғалтпайды. Шетен ағашы мен итмұрынның жемісін қарау. Оның әсіресе қыс айында өте пайдалы екенін жете айту, оның бойында дәрумендер көп. Сырттай бақылап қана емес, сондай-ақ табиғат көрінісін де тамашалау. | жер бетінде қурайды, өмірлері жер астында сақталады, түбірінде, түйнектерінде, бастарында. Өсімдіктердің құрылыстары туралы білімдерін бекіту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жауапкершілікпен қарау. | | | |
| Серуеннен оралу | Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау | | | | |
| **«Алақай! Ойнаймыз!»** Ойындар, дербес әрекет. | **Дидактикалық ойын**: «Жемістер мен көкөністерді ажырат» | **«Ойыншықтар әлеміне саяхат»** **Тақырыбы:** Ойыншықтарды жинау. **Мақсаты:** Балаларға ойыншықпен ұқыпты таза ойнауды айтып түсіндіру. Ойнап болған соң ойыншықтарды әдемі жинауды үйрету. | **Саусақ ойыны:** Саусағымда сақина Санап көрші кәнеки 1,2,3 Бір, екі үш Демалайық жинап күш. | **«Дидактикалық ойын» (Бұл не?)** | **Жұмбақтар шешу** Аспай піскен, қайнамай түскен (жеміс) Жаздай інге тығылып, Жатқан қызыл түлкіні Құйрығынан суырып Әкелді атам бір күні.(сәбіз) |
| Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыстар. | **Үстел- үсті ойыны:** «Ғажайып қалта» ойыны (көкөністер мен жемістер) | **Жеке баламен жұмыс:** **Мақсаты:** | **Жеке баламен жұмыс: Мақсаты:** заттардың көлемін, түсін және пішінін | **Жеке баламен жұмыс: Мақсаты:** ағаш, шөп, гүл сөздерін дұрыс қолдануға үйрету | **«Шаштараз» сюжетті-рөлді ойынының Мақсаты:** ойын желісін өздігінен дамыта білуді, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жаттығуларды орындаудың алғашқы техникасын орындау ретін үйрету | білдіретін сөздерді үйрету | | тақырыбын келісіп алуды, рөлдерді бөлісе білуді қалыптастыруды жалғастыру. |
| Серуенге дайындық. | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау.<br>Серуенге қызығушылық тұғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру. | | | | |
| Серуен, қимыл – қозғалыс ойындары | **№40. «Ұялардағы балапан құстар »**<br>**Мақсаты:**Алаңның немесе бөлменің әр шетінде 3-4 ұя жасалады. Құстар ұяларға орналасады. | **№ 41.Лақтыр және ұтып ал**<br>**Мақсаты:** Балаларға допты лақтыруды және ұтып алуды жаттықтыру. | **№ 42.Шар жарылды**<br>**Мақсаты:** Мұрын арқылы тыныс алуын жақсарту, демінің дұрыс шығуын қадағалау. Ерiннiң дұрыс ырғақты беттесуін дамыту. | **№ 43.Кім шапшаң?**<br>**Мақсаты:** балаларды шапшаңдыққа, тез қимылдауға тәрбиелеу. | **№ 44.Ақ қоян**<br>**Мақсаты:** балаларды ептілікке, жылдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. |
| Серуеннен оралу. | Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау | | | | |
| **«Қош бол, балабақша!»**<br>Балалармен, ата-аналармен қарым-қатынас.<br>Еркін ойындар.<br>Балалардың үйге қайтуы. | «Бүгін біз не үйрендік?» ата-аналармен сұхбат жүргізу | Баланың дамуына ойыншықтардың тигізетін әсері. Қазіргі ойыншықтардың теріс әсері» | Жобаны таныстыру. Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы. | Балабақшаға кешікпей келулерін ескерту. | Баллардың тазалығы жайлы әңгімелесу |

**ЦИКЛОГРАММА**
**ІІ-апта (07.11.2022-11.11.2022 ж.)**
**Ортаңғы «Балапан» тобы**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 07.11.2022ж | Сейсенбі 08.11.2022ж | Сәрсенбі 09.11.2022ж | Бейсенбі 10.11.2022ж | Жұма 11.11.2022ж |
|---|---|---|---|---|---|
| «Сәлеметсіңдер ме, балалар?» | **Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: Дұрыс тамақтану.Дәрумендер туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.** | | | | |
| Балаларды қабылдау (Ата –аналармен әңгімелесу) Ойындар (үстел үсті, саусақ т.б. | Шуағын шашады,<br>Күн шықса жиектен.<br>Жылу алып нұрынан<br>Денсаулықты түлеткем,<br>Денсаулық - ол күлуің,<br>Көңіл - күйің жадырай,<br>Денсаулық - ол жүруің,<br>Ешбір жерің ауырмай. | **Денің сау болсын десең...**<br>1. Топқа таза ауа молынан кірсін, күннің сәулесі (шуағы) кіріп тұрсын.<br>Сау болу үшін таза ауа, күннің шуағы өте керек екенін ұмытпа.<br>2. Тұла бойыңды, ең болмағанда мойныңды, көкірегіңді, арқаңды күнде салқын сумен жуып тұр. Денеңді таза ұста. Жұмасына бір рет жылы суға шомылып тұр. | **Дидактикалық ойын.** Баян қуыршақ түстенеді.<br>**Мақсаты:**<br>Балалардың асхана ыдыстары жайындағы мағлұматын бекіту, сөйлеу қабілетін дамыту; Тамақтану кезіндегі мәдени тәртіпке , қуыршаққа деген мейірімді қатынасқа тәрбиелеу. | **«Затты сипаттай отырып тап»**<br>**Дидактикалық міндет.** Затты өзіне тән басты ерекшелігіне қарап табуға тәрбиелеу; байқағыштық, тапқырлық қабілеттерін дамыту; балаларды затты атамастан сипаттауға үйрету; төзімділікке баулу. | **«Тамақтану мәдениеті».**<br>**Мақсаты:** Дастархан басында әдептілік сақтау, өзін-өзі ұстау мәдениетін ұқтыру, ретсіз тамақтанудың зияндылығын меңгерту, гигиеналық ережелерді күнделікті сақтауға баулу. |
| Таңертеңгі дене шынықтыру | **Таңертеңгі жаттығулар кешені** №2.Құралмен 5-6 мин<br><br>**Мақсаты:**Қимыл- қозғалыс жаттығуларды күн сайын жасауға тәрбиелеу | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық | Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар | | | | |
| | **«Санамақ» ойыны.**<br>**Мақсаты :** кіші моториканы және сөйлеу ырғағын дамыту.<br>Бір, екі, үш, төрт, бес, Анаммен сурет саламын , ( алақанды жұмып ашады)<br>Міне басы, міне іші ( қолды шеңбер жасап айналдырады)<br>Аяқтары, қолдары, көздері ( қолымен кішкентай және үлкен шеңбер салу)<br>Аузы, сақинадан жасалған ( ауада сақинаны салу)<br>Әдемі шашы да бар ( қолдарын екі жаққа ашады) | **«Салат» саусақ ойыны**<br>Сәбізді алып тазалаймыз ( оң қолды жұдырыққа түйіп, сол қолдың алақанына ысқылайды)<br>Үккішпен үгіп майдалаймыз ( екі қолды жұдырыққа түйіп кеудеге ұстап, жоғары-төмен қозғайды)<br>Қанттан сеуіп дәмдейміз ( саусақтардың ұшымен қант себеді)<br>Міне дайын нәр тағам ( екі қолын алдына жайып көрсетеді).<br>Дәруменге байыған ( алақанымен іштерін сипалап, тойғандықтарын көрсетеді). | **Добым-добым домалақ**<br>Добым-добым домалақ,<br>Тоқтамайсың домалап.<br>Үстел үстін бүлдірдің,<br>(Саусақтарды ұштастыра отырып, доп кейпін жасау)<br>Тарелкені сындырдың.<br>(мазмұнына қарай қимылдар жасау)<br>Тентек болып кеттің, деп,<br>Тұрмын сені тепкім кеп. | Шапалақ.<br>Балалар шеңберге тұрып қолдарын созады.<br>Тәрбиеші 3 деген кезде, барлықтары бір уақытта қолдарымен шапалақ соғуға тиісті.<br>Балалар сендердің көңіл - күйлерің қандай?<br>Сендер көңіл - күйлеріміз жақсы дедіңдер. Енді осы жақсы көңіл - күйлеріңді көрсетіңіздерші.<br>Көңілді болғанда не істейміз?<br>Ренжігенде...<br>Қорыққанда...<br>Қуанғанда...<br>Таң қалғанда...<br>Шапалақты тыңда | **«Гүл»**<br>Балалар әр жерде отырады. Жүргізуші: балалар біз бәріміз енді өсіп келе жатқан гүлдерміз. Күн шықты, гүлдер жайлап ашылып өсіп келеді (қолдарын созады). Кенеттен баяу жел соға бастады, гүлдер желмен жан - жаққа шайқалады (қолдарын жан - жаққа шайқайды). Бір мезгілде аспанға бұлт төніп, жаңбыр жауа бастайды, гүлдер тоңып, бүрісіп жабылады (қолдарын тізелерінің үстіне қойып бүрісіп отырады). |
| **«Ойнайықта та, ойлайық»** Ұйымдастырылған оқу қызметтері | **1.Жаратылыстану.**<br>**Тақырыбы:** «Үй жануарлары»<br>**Мақсаты:** Балалардың үй жануарлары, оларға | **1.Сөйлеуді дамыту.**<br>**Тақырыбы:** «Көмекшілер»<br>**Мақсаты:** а)Сұрақ-жауап әдісі арқылы таныс | **1.Математика негіздері.**<br>**Тақырыбы:** Шаршы. Үлкен – кіші | **1.Сурет салу**<br>**Тақырыбы:** «Кесені әшекейлеу»<br>**Мақсаты:** Балалардың қазақтың | **1.Орыс тілі.**<br>**Тақырыбы:** Осень, знакомство с окружающими. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| (Үзілісті қосқандағы жалпы ұзақтығы. | күтім жасау туралы түсінігін байыту. Жанды табиғатқа деген қызығушылығын дамыту. Жануарларға қамқорлық жасау, оларға мейірімді болуға тәрбиелеу.<br>**2. Музыка.**<br>**Тақырыбы:**Сылдырмақтар.<br>Музыка тыңдау: «Сылдырмақ» Е. Хасанғалиев, А. Асылбек. Ән айту: «Сылдырмақ» А. Тоқсанбаев, И. Сапарбай. «Шар» Ж. Әбдірашев, Б. Дәлденбаев (қайталау). Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Кішкентай би» Н. Александрова (қайталау); «Сылдырмақпен ойын» Б. Дәлденбаев. | шығармалардың мазмұнын айтып беруге дағдыландыру.Заттарды топтастыруға,оларды атай білуге (ыдыс-аяқтар-қасық,шанышқы,кесе,тостаған т.б.)үйрету.ә)Сөздік қорларын толықтыру,ойлау қабілеттерін дамыту.б)Үлкенге ізеттілік көрсетуге,кішіге қамқор болуға тәрбиелеу.<br>**2.Дене шынықтыру.**<br>**Тақырыбы:** Көжектерге арналған денешынықтыру.<br>**Мақсаты:**«Суық түсті» биологиялық белсенді нүктелерінің массажын қолдану арқылы балалардың дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылығын қалыптастыру және қызығушылығын дамыту.<br>**Міндеттері:**допты екі қолмен ұстап бастан артқа қарай жіберуді үйретуді жалғастыру, доптың ұшу траекториясын дұрыс белгілеу, иілген қолдарды | **Мақсаты:** жаңа геометриялық пішінмен – шаршымен таныстыру.<br>**Міндеттері:**балаларды геометриялық пішіндерді тануға және атауға үйрету;шаршының түрлі көлемде (үлкен – кішкентай) болатынын түсіну; жұмбақтар шешуді үйрену; шаршыны көрукозғау жолымен зерттеу білігін дамыту; шаршыны берілген нүктелері бойынша бастырып жүргізу; топ бөлмесі мен қоршаған ортадан шаршыға ұқсас заттарды көзбен табу білігін дамыту; саусақтың ұсақ моторикасын дамыту; жаңа геометриялық пішіндерді салуға қызығушылықтарын ояту. | ою-өрнектері туралы түсініктерін қалыптастыру. Кесені әшекейлегенде «тұмарша», «ирексу» ою-өрнек элементтерін дамыту. Тазалыққа, салт-дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**2.Дене шынықтыру.**<br>**Тақырыбы:** Кеме(т.а)<br>**Мақсаты:**нық қадаммен жүру дағдысын қалыптастыру.<br>**Міндеттері:**арқан бойымен жүргенде дене бітімін тік ұстауды және нық тепе-теңдікті сақтай білуді жалғастыру. Екі аяқпен бірнеше сызықтан секіруге жаттығу, аяқтарымен итеріле секіруді, қол мен аяқтың қимылын үйлестіре білуін жетілдіру. Допты алысқа лақтыру, қолдың жігерлі қимылы арқылы лақтыруды қалыптастыруды жалғастыру. | **Мақсаты:** расширить знание детей о труде людей осенью<br>**2.Қоршаған ортамен танысу.**<br>**Тақырыбы:**Біздің топтың ойыншықтары.<br>**Мақсаты:** қоршаған орта заттары, олардың сапалары мен қасиеттері туралы түсініктерін жүйелеу және толықтыру.<br>**Міндеттері:**1. Балалардың ойыншықтар туралы білімдерін кеңейту. 2.Бірнеше сенсорлық белгілеріне қарап, заттарды топтастыра білуді, айналасындағы заттарды ажырата және ортақ қасиеттері бар ойыншықтарды топтастырып, оларды сипаттай білу дағдыларын игерту. 3. Ойыншықтарды күтіп ұстауға баулу.<br>**3.Дене шынықтыру.**<br>**Тақырыбы:**Қуыршақ Айгүл балалармен ойнайды.<br>**Мақсаты:**«Жуынғанда айтатын ән» бетке арналған массажын қолдану арқылы балалардың дене |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | шұғыл түзеп алға-жоғарыға созу. Орнында тұрып ұзындыққа секіруге (30 см) жаттықтыру, аяқтарын итере секіруді, қолдың қозғалысымен байланыстыра білуін бекіту. Сапқа тұру кезінде өз орнын таба білуін қалыптастыру, күшін, шапшаңдығын, кеңістікте бағдарын айқындауды жетілдіру. Денешынықтыру сабақтарын әдетке айналдыруға тәрбиелеу. Мейірімділікке тәрбиелеу. **Ойын:** «Өткеншек». **Мақсаты:** шеңбер бойымен қозғалуды жетілдіре түсу, өз іс-әрекетін басқа балалардың әрекетімен сәйкестендіре білу. | **2.Музыка.** **Тақырыбы:** Сылдырмақ. Музыка тыңдау: «Сылдырмақ» Е. Хасанғалиев, А. Асылбек. Ән айту: «Сылдырмақ» А. Тоқсанбаев, И. Сапарбай. «Шар» Ж. Әбдірашев, Б. Далденбаев (қайталау). Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Кішкентай би» Н. Александрова (қайталау); «Сылдырмақпен ойын» Б. Далденбаев. | Массажды жолмен жүру – майтабандықтың алдын алу. Ептілікті, қимылқозғалыстың үйлесімділігін жетілдіру, тыныс алу жүйесін нығайту. **Ойын:** «Теңізшілер». **Мақсаты:** белгі бойынша қимыл-қозғалысты орындай білуді жетілдіруді жалғастыру, қозғалыстың үйлесімділігін қалыптастыру. | шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылығын қалыптастыру және қызығушылығын дамыту. **Міндеттері:** допты екі қолмен кеуде тұсынан лақтыруға үйрету. Допты екі қапталынан дұрыс ұстай білуді қалыптастыру, иілген қолдарын шұғыл түзеу. Доға астында оған тиіп кетпей еңбектеуге жаттықтыру, иілгіштікті жетілдіру. Дене бітімін тік ұстай білуді және тепе-теңдікті сақтауды, зейінін дамытуды, кеңістікте бағдарын айқындауды жетілдіру. Сапқа тұру кезінде өз орнын таба білуін қалыптастыру. Достық қарым-қатынас, ұжымдық қатынасты тәрбиелеу. **Ойын:** «Секір де – шапалақ ұр». **Мақсаты:** ептілікпен секіруге жаттықтыру, педагогтің нұсқауымен қимыл-қозғалысты орындай білуді жетілдіру. |
| «Табиғат аясына бірге бармыз» | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Серуенге дайындық. | Серуенге қызығушылық тұғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру. | | | | |
| Серуен | **№45. Аула тазалаушының еңбегін бақылау**<br>Бақылау<br>Балалар назарын балабақша ауласының тазалығына аудару. Балабақша тазалығы аула тазартушының міндетінде. Күзде жерге жапырақтар көп түседі, аула тазартушы айналаны жиі түскен жапырақ қалдықтарынан тазартуы қажет.<br>Аула тазалаушының ауланы қандай құралдарды (сыпырғыш, күрек, қоқысқа арналған контейнер) пайдаланып тазалайтынын бақылау. Балаларды | **№46. Өтіп бара жатқан адамдарды бақылау**<br>Бақылау<br>Байқағыштығын, назар салуларын дамыту; күздегі өлі табиғат құбылыстарын түсіндіру, киім үлгілерінің маусымдық, ауа-райына байланысты өзгеретінін баяндау; балалардың сөздік қорларын байыту.<br>*Көркем сөз*<br>Жапырақ сиректеу, Ауа желкемдеу, Түн ұзақтау, Күн келтелеу<br>*Қимыл-қозғалыс ойыны*<br>**«Түйілген орамал»**<br>Дыбыс бойынша әрекет жасайды, орамалды екі қолмен асыра лақтыру және қағып алу. Қимыл- | **№47. Балабақшаға азық-түлік әкелген жүргізушінің жұмысын бақылау**<br>Бақылау<br>Балаларға жүргізушінің өз көлігін қалай күтетінін, оны қалай жөндейді, басқара білуі туралы әңгімелеу. Балаларға жүргізушінің өте ұқыпты болуы, жол қозғалысы ережесін жете білу қажет екенін түсіндіру.<br>*Көркем сөз*<br>«Бип-бип», «бип» дейді «Жол шетінде жүр» дейді Асығыс жүруге болмайды. Болмайды. Машина. | **№ 48.Таудағы көшелерді бақылау**<br>Бақылау<br>Көше туралы білімдерін кеңейту. Балаларға көшеде көлік қозғалысының көптігін ескерту. Жолда жүру ережелерімен танысуды жалғастыру: бағдаршам дабылдары, жаяу өткелдер туралы білімдерін бекіту, көше мен тротуар жолдарын айыра білуге үйрету. Көшеде өздерін қалай ұстау керектігін түсіндіру. | **№49.Температураның түсуін бақылау (термометрмен жұмыс)**<br>Бақылау<br>Балаларға ауа температурасын бақылау үшін арнайы құрал термометр бар екендігін түсіндіру. Термометрдің құрылысы туралы (шкала, қызыл сұйықты бағана) баяндау. Жауын-шашынның ауа температурасына, ауа температурасының өсімдіктердің жағдайына әсерін байқауды үйрету, байқағыштықтарын, танымдық қызығушылықтарын дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | аула тазалаушының жұмысын жеңілдету үшін балабақша ауласын таза ұстауға көңілдерін аудару | әрекетін дамыту: ептілік, дәлдік. | | **«Бұл қандай белгі?»** Жол белгілерін айыра білуге және дұрыс атай білуге үйрету. | |
| Серуеннен оралу | Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау | | | | |
| **«Алақай! Ойнаймыз!»** Ойындар, дербес әрекет. | **«Дидактикалық ойын»** (Көкөністерді сана) | **<u>«Ойыншықтар әлеміне саяхат»</u>** **Тақырыбы:** Қуыршаққа ат қою. **Мақсаты:** Балаларды қуыршақпен таныстырып, топтағы балалармен ақылдасып қуыршаққа ат қою. Қуыршақ өлеңін жаттату | **«Дидактикалық ойын»** (Дәміне қарай ажырат) | **Өлеңді жаттау:** Мен қиярмын сәндімін Салаттардың сәнімін Дәруменім мол менің Жегенге қуат сыйлаймын | **«Көкөністер мен жемістер»** суретін үлгі бойынша құрастырып ,әңгіме айтып беру |
| Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыстар. | **«Дидактикалық ойын»** (Топтап жинау) | **Жеке баламен жұмыс:** **Мақсаты:** бірге дене жаттығуларын орындау ретін үйренеді | **Жеке баламен жұмыс: Мақсаты:** өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасай білуге үйрету | **Жеке баламен жұмыс: Мақсаты:** жеке бас гигиенасының бастапқы дағдыларын орындау ретін үйрету қалыптастыру | **«Пошта» сюжетті-рөлді ойынының. Мақсаты:** Ойын кезінде балаларға ауыспалы заттарды қолдануды үйрету, өз қиялынан туған |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | жағдаятты түсініп соған сәйкес әрекет ету |
| Серуенге дайындық. | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау.<br>Серуенге қызығушылық тудыру; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру. | | | | |
| Серуен, кимыл – қозғалыс ойындары | **№45** Қабырғалы тақтайдан өт<br>**Ойын мақсаты** балалардың денелерін тік ұстауын, тепе-теңдікті сақтауын, дұрыс дем алуын дамыту. | **№ 46** Кім түсіреді?<br>**Ойын мақсаты** балаларды ептілікке, дәлдікке, доппен ойнай білуге үйрету. | **№ 47** Марғаулар мен күшіктер<br>**Ойын мақсаты** :балаларды шапшаңдыққа, ептілікке үйрету. | **№ 48** Қимылды ойын: Шарларды жина<br>**Ойын мақсаты** :балалардың шарлардың түсін, формасын айыра білуге үйрету. | **№ 49** Жүгір де, ұста!<br>**Ойын мақсаты** :балаларды ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу. |
| Серуеннен оралу. | Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау | | | | |
| **«Қош бол, балабақша!»** Балалармен, ата-аналармен қарым- қатынас. Еркін ойындар. Балалардың үйге қайтуы. | Ата аналармен балалардың төлем ақысы туралы әңгімелесу. | Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу. | Ата аналармен алдағы күз мерекесі туралы әңгімелесу. | Ата аналармен балалардың тәртібі туралы әңгімелесу. | Баллардың тазалығы жайлы әңгімелесу |

**ЦИКЛОГРАММА**
**ІІІ-апта (14.11.2022-18.11.2022 ж.)**
**Ортаңғы «Балапан» тобы**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 14.11.2022ж | Сейсенбі 15.11.2022ж | Сәрсенбі 16.11.2022ж | Бейсенбі 17.11.2022ж | Жұма 18.11.2022ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **«Сәлеметсіңдер ме, балалар?»** Балаларды қабылдау (Ата –аналармен әңгімелесу) Ойындар (үстел үсті, саусақ т.б. Таңертеңгі дене шынықтыру | **Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: Өзіңе және өзгелерге көмектес туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.** | | | | |
| | Таңғы шеңбер.<br>**«Арайлаптаң атты»**<br>Арайлаптаң таң атты,<br>Алтын сәуле таратты.<br>Жарқырайды күніміз,<br>Жарқырайды даламыз. | **«Ұқсасын тап »**<br>**Мақсаты:** Балаларды заттың түстері мен пішіндерін ажырата білуге үйрету. Саусақ моторикасы арқылы ақыл ойын дамыту. Жаңа жыл мерекесін еске түсіріп, есте сақтау қабілетін қалыптастыру. Балаларды сүйіспеншілікке, қайырымдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. | **«Дос болайық бәріміз»**<br>Қол алысып, кәне біз,<br>Достасайық бәріміз.<br>Айтарым бар сендерге,<br>Тез тұрыңдар шеңберге.<br>Қандай жақсы бір тұру,<br>Достарменен бір жүру! | **Әткеншек**<br>**Мақсаты:** Балаларды жылдам әрі асықпай сөйлеуге, өлең жолдарының мазмұнына сәйкестендіріп қимылдар жасауға, ауызша белгіге әрекет етуге үйрету.<br>Арқанның бойына шеңбер жасап тұрамыз, сосын оң қолымызға ұстап бір-біріміздің артымыздан жүріп отырып былай дейміз:<br>Бастапқыда ақырын,<br>Айналады әткеншек,<br>Содан кейін тездетті, | **Бұл қашан болады?**<br>**Дидактикалық міндет.** Балалардың жыл мезгілдері жайындағы білімдерін нығайту.<br>**Ойын ережесі.** Тәрбиешінің белгісі бойынша жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін жылдам атау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Жылдам, жылдам, жылдамдат. | |
| | **Таңертеңгі жаттығулар кешені** №3Құралсыз 5-6минут<br>**Мақсаты:**Балалардың дене дамуын шынықтыру. | | | | |
| Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық | Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар | | | | |
| | **«Ұқсай ма, ұқсамай ма?»**<br>**Дидактикалық міндет.** Балаларды заттарды салыстыруға, түс, түр, көлем, материалының ұқсастығын атауға үйрету; байқампаздық, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>Ойын ережесі. Ұқсас екі затты тауып, олардың ұқсастықтарын дәлелдеу. Кімді бағыттаушы нұсқаса, сол жауап береді. | **Мына үйді кім салды?**<br>**Дидактикалық міндет.** Балалардың үйді қалай тұрғызатыны, үй құрылысының реті, құрылысшыларға қажет құрал-саймандар және машиналар туралы білімдерін жүйелеу; Құрылысшы мамандығына деген құрметке, шығармашылық ойында құрылысшы болуға деге ниетін қалыптастыру, тәрбиелеу. | «**Достық көмек» ойыны**<br>**Мақсаты:** ойын барысында балалар достық көмек жасаудың мәнін тереңіре түсініп,бір-біріне көмектесуге әрқашан әзір болуға тәрбиеленеді. | **Ойын:** «Игілікті істер» деп аталады. Мына үстел үстіндегі жүрек бірнеше пішіндерге қиылып бөлінген. Әрбір ойынға қатысушы бала адамның игі істері туралы сөздерді айта отырып, соңынан осы бөлек пішіндерден бір бүтін жүрек құрасты рады. Қанекей, бала лар, ойынды бастайық. Жақсылық, қамқорлық, қайырымдылық, мейірімділік, көмек тесу.Жарайсыңдар, қандай әдемі, мейірімді, қайырымды жүреккұрастырдыңда | **Қайда барғынымызды айтпаймыз, не істегенімізді көрсетеміз (Орыс халқының ойыны)**<br>**Мақсаты.** Әрекетті сөзбен айтуға үйрету; етістік тұлғалы сөздерді дұрыс қолдану (шақ, жақ); шығармашылық қиялын, тапқырлығын дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | р. Сендердің жүректеріңде осындай жақсылық қасиетер табыла берсін. | |
| **«Ойнайықта та, ойлайық»** Ұйымдастырылған оқу қызметтері<br>(Үзілісті қосқандағы жалпы ұзақтығы. | **1.Жаратылыстану.**<br>**Тақырыбы:** «Сиқырлы су»<br>**Мақсаты:** Судың қасиеттері туралы қарапайым түсінік қалыптастыру. Танымдық белсенділігін дамыту. Табиғаттың сұлулығын көре білу және түсіну, сол сұлулықты сақтап қалуға деген ынтасын күшейту.<br>**2.Жапсыру.**<br>**Тақырыбы:**Кесені әшекейлейміз.<br>**Мақсаты:** Сәндік өнер туралы білімдерін нақтылау; ыдысты әшекейлей білду үйрету; ою-өрнектерді ажырата білуді үйрету; мәнерлік | **1.Сөйлеуді дамыту.**<br>**Тақырыбы:** Ойыншықтар достығы.<br>**Мақсаты:** а) Ойыншықтар және олардың достығы туралы қысқа сюжеттік әңгіме құрастыруды үйретуге жалғастыру.<br>ә) «Қ» дыбысының дұрыс айтылуын бекіту<br>б) Достықты қадірлей білуге тәрбиелеу.<br>**2. Дене шынықтыру.**<br>**Тақырыбы:**Қонжықтай күшті бола біл!<br>Мақсаты:иреленген жолмен жүру дағдысын қалыптастыру.<br>Міндеттері:ирек жолмен жүруді үйрену, шектеулі алаңда жүргенде нық тепе-теңдікті сақтай білу. Үш доғаның астынан біртіндеп | **1.Математика негіздері.**<br>**Тақырыбы:** Алыс-жақын<br>**Мақсаты:** заттардың кеңістікте орналасуын (алыс – жақын) айыра білуге және атауға үйрету.<br>**Міндеттері:**заттардың өзіне тікелей жақын кеңістік бағдарын анықтау:(алыс – жақын); көріп қабылдаған ақпараты негізінде жұмбақтар шешуді жалғастыру; көзбен қабылдауын, дайын пішіндерді (жапсырмалар) кезектілігін сақтай отыра суретті толықтыру мақсатында жапсыру дағдыларындамыту; бірлескен әрекеттерге қызығушылығын тәрбиелеу. | **1.Сурет салу.**<br>**Тақырыбы:** Жапалақтап алғашқы қар жауып тұр<br>**Мақсаты:** Балалардың алғашқы табиғи құбылыстарға қуана білуіне ықпал ету, қоршаған ортаға – үйлерге, заттарға, ағаштарға, жерге қарай қардың қалай әдемі болып жауатындығын бақылату. Көк түс пен ақ түстің бір-бірімен үйлесімділігіне көңіл бөлуді үйрету. Таяқшаларды пайдаланып тіс пастасымен қар салуды үйрету. Табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.<br>**2.Құрастыру.**<br>**Тақырыбы:**Орындық және кресло.<br>**Мақсаты:** құрылыс материалдарымен құрастыру дағдыларын қалыптастыру, әр түрлі | **1.Көркем әдебиет.**<br>**Тақырыбы:** Айлакер түлкі.**Мақсаты:** Балаларды халық ауыз әдебиетінің шығармаларындағы кейіпкер бейнесі арқылы адамгершілік қарым-қатынас әлемімен таныстыру.Шығарма мағынасын түсінуге,кейіпкерлер іс-әрекетін бағалауға,олар жайлы айтуға,кейбір адамгершілік қасиеттерге (түлкі-қу)сипаттама бере білуге үйрету.Көркем сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>**2.Дене шынықтыру.**<br>**Тақырыбы:**Қуыршақ Айгүлден сәлемдеме. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | элементтеріне тәрбиелеу.<br>**3.Музыка.**<br>**Тақырыбы:**Мерекелік ән мен күй.<br>Музыка тыңдау: «Шашу» Е. Брусиловский. Ән айту: «Мерекелік ән мен би» Е. Хасанғалиев, А. Асылбек. « Сылдырмақ» А. Тоқсанбаев, И. Сапарбай (қайталау).<br>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Марш» М. Робер.<br>«Сылдырмақпен ойын» Б. Далденбай. | төрттағандап еңбектеп өтуді бекіту.<br>Жаттығуларды орындау кезінде тыныс алуды тоқтатпауды қалыптастыру, ұсақ қимыл-қозғалысты (моторикасын) дамыту, күшін,ептілігін жетілдіру.<br>Денешынықтыру сабақтарын әдетке айналдыруға тәрбиелеу, өз денсаулығына мұқият қарау. **Ойын:** «Қақпаға түс». **Мақсаты:**қақпаға допты домалатып түсіре білуді жетілдіру, жұбымен іс-әрекетін келісе орындай білуді қалыптастыру. | **2.Музыка.**<br>**Тақырыбы:**Мерекелік ән мен күй.<br>Музыка тыңдау: «Шашу» Е. Брусиловский. Ән айту: «Мерекелік ән мен би» Е. Хасанғалиев, А. Асылбек. « Сылдырмақ» А. Тоқсанбаев, И. Сапарбай (қайталау).<br>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Марш» М. Робер.<br>«Сылдырмақпен ойын» Б. Далденбай.<br>. | түстегі және пішіндегі бөлшектерден орындық және кресло құрастыра білуге үйрету.<br>**Міндеттері:** - құрылыс материалдарының бөліктерін атай білу және оларды түрлі тәсілдермен кеңістікте дұрыс орналастыру; - құрылыс материалдарының түсін, көлемін, пішінін ажырата алу; - ұқыптылыққа, тазалық сақтай білуге тәрбиелеу.<br>**3.Дене шынықтыру.**<br>**Тақырыбы:** Қоянға қонаққа барайық(т.а)<br>**Мақсаты:**бір орыннан екі аяқпен секіру дағдысын қалыптастыру.<br>**Міндеттері:**кегельдердің арасымен жолда «ирелеңдеп» жүру кезінде және иректеліп жатқан арқан үстімен дене бітімін тік ұстап жүруді жетілдіруді жалғастыру. Саптан шығып кетпей, бағытты | **Мақсаты:**денесін тік ұстау және қимыл үйлесімділігі дағдысын қалыптастыру.<br>**Міндеттері:** ені – 50 см, 1,5 м қашықтықтағы қақпаға допты домалатып кіргізуге үйрету, көзөлшемін жетілдіру. Аяқ пен қолды үйлестіре, тізені жоғары көтеріп жүруге үйрену. Шектеулі алаңда жүргенде және жүгіргенде нық тепе-теңдікті сақтай білуді бекіту. Педагогтің түсіндіргенін тыңдай білуді қалыптастыру, көрсетілімді бақылап отыру, педагогтің нұсқауымен қимылқозғалысты басқа балалармен бірге орындай білу.<br>Ептілігін дамыту, дене бітімін тік ұстап жүруді және тепетеңдікті сақтай білу, қоршаған ортаға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | өзгерте отырып сапта жүре білуді бекіту. Балаларды допты екі қолмен домалатуға жаттықтыру. Көзөлшемін,ептілікті, зейінін арттыруды дамыту, педагогтің нұсқауларын орындай білуді қалыптастыру, мейірімділікке, қонақжайлылыққа баулу. Қолдың сыртқы үйлесімділігін, есту қабілетін жетілдіру, арқанмен жүріп, майтабандықтың алдын алу. **Ойын**:«Түзу жолда». **Мақсаты:** тек белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасай білуді жетілдіруді жалғастыру, баланың қозғалыс жүйесін талдағыш жүйелерімен үйлестіруді қалыптастыру. | оң көзқараспен қарау. **Ойын:** «Бере алмаймын». **Мақсаты:** аяқтарын алшақ қойып, аяқтарын қосыпептілікпен секіруге жаттықтыру, зейінін дамыту. |
| **«Табиғат аясына бірге барамыз»** Серуенге дайындық. | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау.<br>Серуенге қызығушылық тағызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Серуен | **№50.Торғайларды бақылау**<br>**Мақсаты:**торғай туралы білімдерін тиянақтауды жалғастыру;<br>— күздің келуімен құстар мінез-құлқының өзгеруін көре білуге үйрету; зейіндері мен есте сақтауларын белсендіру.<br>**Еңбек**<br>Ағаштарды емдеу мақсатында еңбек ұйымдастыру.<br>**Мақсаты:**Ағаштарға дұрыс көмек жасауды үйрету;Еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.<br>Қ/О: «Құстардың ұшуы».<br>**Мақсаты:** белгі бойынша қимыл жасауға үйрету.<br>**Жаттығу ойындары:** «Жалауды құлатпа» | **№51.Көгершіндерді (кептерлер) бақылау**<br>**Мақсаты:**<br>Құстар әлемі туралы білімдерін тиянақтауды жалғастыру; Құстар немен қоректенеді, қайда өмір сүреді, адамдар оларға қандай қамқорлық жасайды, жабайы көгершіндер неге Қызыл кітапқа енгізілгендігін тиянақтау.<br>**Еңбек:**<br>Балабақша аумағына жем салғыш ілу<br>**Мақсаты:** еңбек әрекетін орындауға үйрету.<br>**Қимылды ойын:** «Ұшады, с екіреді, жүзеді».<br>Мақсаты:<br>— балаларды жүгіруге үйрету;<br>.— зверей.құстардың, аңдардың, | **№52.Емен ағашын бақылау**<br>**Мақсаты:** Күзгі емен туралы түсініктерін қалыптастыру,ағаштардың жыл мезгілдеріне қарай бейімделуі туралы түсінік беру.<br>**Қ/О:**«Акку-қаздар».<br>Мақсаты:берілген тапсырма бойынша жүкіруге жаттықтыру<br>**Жаттығу ойындары**<br>Бір аяқпен секіру.<br>**Мақсаты:** барынша биік секіруге және жерге дұрыс түсуге жаттықтыру | **№53.Жыл мезгілінің өзгеруін бақылау**<br>**Мақсаты:**<br>Табиғат өзгерістері туралы түсініктерін кеңейту (қырау, суық соғу, күннің қысқаруы, түннің ұзаруы)<br>Күн туралы білімдерін тиянақтау (күн ашақ, бірақ жылытпайды ).<br>**Қ/О:**«Бәйге»<br>Мақсаты:<br>Бір-біріне соқтықпай жүкіруге жаттықтыру ;<br>Төзімділікке, ептілікке тәрбиелеу.<br>**Жаттығу ойындары:**<br>Тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру.<br>**Мақсаты:** Төбешікке жүкіріп шығу, жүкіріп түсу | **№54.Тікенекті және жапырақты ағаштарды бақылау**<br>**Мақсаты**: ағаштар туралы түсініктерін қалыптастыру (оларға ортақ ұқсастықтары мен айырмашылықтары)<br>.<br>**Еңбек**Ағаш жапырақтары мен бұтақтарды жинау<br>**Мақсаты**:бірлесе жұмыс істеуге деген қызығушылықтарын арттыру<br>**Қ/О:**«Бір, екі, үш-жүкір!»<br>Мақсаты: тез жүкіруге жаттықтыру, ептілікке, ұжым жетістігіне ұмтылуға баулу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | [illegible] | [illegible] | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Серуеннен оралу | Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау | | | | |
| **«Алақай! Ойнаймыз!»** Ойындар, дербес әрекет | **Сюжетті-рөлдік ойын** «Достық елі» Ірі құрылыс материалдармен және конструк- торлармен ойындар. | **Ойыншықтар әлеміне саяхат»** **Тақырыбы:** Ойыншықтарды топ-топқа бөлу. **Мақсаты:** Балаларға ойыншықпен қалай ойнауды айтып түсін діру.Ойыншықтарды ң түрлерімен таныстыру | **Ойын:** «Жақсы, жаман» **Мақсаты:** жаман әдеттен аулақ болуға, қоршаған ортаға қамқор болуға тәрбиелеу. Тәрбиеші төмендегідей әрекеттерді кезекпен айтып тұрады, ал балалар дауыстап ол әрекеттің жақсы, жаман екенін айтады. - ағаштың бұтағын сындыру, , | **Дидактикалық ойын:** «Адам денесін құрастыр.» алдарыңызда тұрған тарелкадан адам денесінің бөліктерін алып, құрастыру керек. (бас, мойын, кеуде, оң аяқ және сол аяқ) . Балалар қиылған дене бөліктерін әрқайыссысы өз еркімен құрастырады. | . Әңгімелесу Балалар,құрмет деген сөзді қалай түсінесіңдер? Үлкен кісіге орын беріп,төрге шығару Жасы үлкен кісілерге көмектесу. Бөлмеде,қоғамдық көлікте үлкендер мен қыздарға орын беру. Қарсы келіп қалған үлкен кісіге,қыз балаға жол беру. |
| . Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыстар. | **«Шеңберді бұзып кір»** ойыны. **Мақсаты:** Өзіне - өзі сенуге, жасқаншақтықты жеңе білуге, балалар ұжымына кіруге көмектесу. **Нұсқау:** Балалармен қарым - қатынас | **Жеке баламен жұмыс:** **Мақсаты:** шынықтыру шараларын өткізу кезінде жағымды көңіл-күй болуға үйрету | **Жеке баламен жұмыс: Мақсаты:** ертегінің мазмұнын түсінуге және эмоцияны қабылдауға үйрету | **Жеке баламен жұмыс: Мақсаты:** қағаз бетіне суретті бағдарлай алуға үйрету | **«Супермаркет. Жайлаудағы дүкен» сюжетті-рөлді ойынның** **Мақсаты:** Балаларда ойын барысында бірнеше әрекеттерді логикалық бірізділікте байланыстыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жасауда қиындық көретін балаларды жеке алып қалады. Қалғандары бір - бірінің қолынан қатты ұстап, шеңбер жасап тұрады. | | | | |
| Серуенге дайындық. | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау.<br>Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру. | | | | |
| Серуен, қимыл – қозғалыс ойындары | **№ 50** . Алманы жұл<br>**Ойын мақсаты :** балаларды секіруге үйрету. | **№ 51.**Доп қақпаға<br>**Мақсаты:**балаларды анық қимылдауға жаттықтыру. | **№ 52.** Маған қарай лақтыр<br>**Мақсаты:** балалардың қимыл дағдыларын қалыптастыру. | **№ 53.**Жіп айналады<br>**Мақсаты:** балаларды бірлесіп жұмыс істеуге тәрбиелеу. | **№ 54.** Мекиен және балапандар<br>**Мақсаты:**балаларды ептілікке, жылдамдыққа, зейін аударуға тәрбиелеу. |
| Серуеннен оралу. | Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа кимдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау | | | | |
| **«Қош бол, балабақша!»** Балалармен, ата-аналармен қарым- қатынас. Еркін ойындар. Балалардың үйге қайтуы. | Баланың әрбір жетістігі үшін мақтап отырыңыз. | Ата аналармен балалардың тәртібі туралы әңгімелесу. | Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу. Балаңыздың сүйікті ісіне керек кітап, ойын, т.б. құралдармен қамтамасыз етіңіз. | Қателескені үшін баланы кекетіп, бетінен алмаңыз, басқа балалармен оны салыстырмаңыз. | Бала өз жұмысын көрсете алатын стенд жасап қойыңыз |